«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КОМИТЕТІ» РММ

РГУ «КОМИТЕТ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ КАЧЕСТВА В СФЕРЕ НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ МИНИСТЕРСТВА НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8,
тел: (7172) 74-23-77, control.edu.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік ел, 8
тел: (7172) 74-23-77, control.edu.gov.kz

6196-15-10664/15-05-12 от
19.10.2026.

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті

2026 жылғы 15 қыркүйектегі
№ 06-22-271 шығыс хатқа

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – Комитет) Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің (бұдан әрі – Университет) **«8D015 Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау»** даярлау бағыты («8D01502 Физика» және «8D01504 Химия» білім беру бағдарламалары) бойынша диссертациялық кеңес ашу туралы хатын қарап, төмендегіні хабарлайды.

Диссертациялық кеңестер құру туралы ерекше мәртебесі жоқ жоғары оқу орындарының құжаттарын қарау жөніндегі комиссия тарапынан Университеттің құжаттарына Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереженің[1] (бұдан әрі – Үлгі ереже) талаптарының сәйкестігіне сараптама жүргізіп, Университетте **«8D015 Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау»** даярлау бағыты («8D01502 Физика» және «8D01504 Химия» білім беру бағдарламалары) бойынша диссертациялық кеңес ашу ұсынылды *(Комитет төрағасының 2026 жылғы 16 қазандағы № 731 бұйрығы).*

Диссертациялық кеңес Үлгі ереженің 3-тармағына сәйкес 3 жылға құрылды *(мерзімі 2029 жылғы 13 қазанға дейін).*

Университетте **«8D015 Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау»** даярлау бағыты («8D01502 Физика» және «8D01504 Химия» білім беру бағдарламалары) бойынша диссертациялық кеңестің тұрақты құрамына ұсынған 4 үміткердің 3-уінде *(Скаков М.К., Курбанбеков Б.А. және Нуризинова М.М.)* Үлгі ереженің 9-тармағының

[1] Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығы

«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
НАО «ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ САРСЕНА АМАНЖОЛОВА»
КІРІС 476
ВХОД «19» 10 2026 ж.

DOC ID KZ6AZR3202600001025AF6BEB4
Электронный документ подписан в Documentolog Business

DOC ID KZ6AZR3202600001025AF6BEB4

2) тармақшасына сәйкес соңғы 5 жылдағы халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы жарияланымдары бар.

Осыған орай, докторанттардың диссертациялық жұмыстарының қорғауын ұйымдастыру кезінде **«8D015 Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау»** даярлау бағыты («8D01502 Физика» және «8D01504 Химия» білім беру бағдарламалары) бойынша диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерінің кемінде 1-уінде Үлгі ереженің 9-тармағының 2) тармақшасына сәйкес соңғы 5 (бес) жылда халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланымдары болуы және докторанттың докторлық зерттеу саласына байланысты таңдау қажет.

Сонымен қатар, диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелерінің қатарында осы Университетінің және басқа ЖЖОКБҰ-ның өкілдері бар, дегенмен, осы диссертациялық кеңесте қорғауларды ұйымдастырғанда Үлгі ереженің 5 және 8-тармақтарына сәйкес диссертациялық кеңестің уақытша мүшелер қатарында ғылыми немесе басқа да ұйымдардың өкілдері және шетел ғалымдары болуы керек екенін мәлімдейміз.

Сондай-ақ, Үлгі ереженің 4-тармағының 5) тармақшасына сәйкес ұсынылған мәтінді пайдалануды анықтаудың (плагиат), оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша лицензиялық жүйесінің болуын растайтын және Үлгі ереженің 4-тармағының 6) тармақшасына сәйкес докторантураның білім беру бағдарламасының кем дегенде 3 (үш) жыл мерзімге аккредиттелгені және Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының аккредиттелген білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілгені туралы құжаттың қолданыс мерзімін назарға алуды және тиісті жұмыс атқаруды сұраймыз.

Маңызды: *Университет тарапынан жоғарыдағы талаптарды ескермеген жағдайда, сондай-ақ, тиісті құжаттардың қолданылу мерзімдері өткен жағдайда докторанттардың диссертациялық жұмыстарының қорғауы туралы хабарламалар Комитет сайтына жарияланбайтынын ескертеміз.*

Ерекше мәртебесі жоқ оқу орындарының диссертациялық кеңестер тізімі Комитет сайтының «Қызметі» бөлімінде орналастырылған.

Төрағаның орынбасары **Ә. Нұржанов**

Орын. Сатаева Ж. К.
Тел.: 87172-74-22-47

DOC ID KZ6AZR3202600001025AF6BEB4
Электронный документ подписан в Documentolog Business

DOC ID KZ6AZR3202600001025AF6BEB4